Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №1

Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар
және ұлттық мінез көрінісі.

Абай Құнанбайұлы – Қазақстан тарихындағы ең көрнекті ақын-жазушыларының бірі. Ол сөз өнерінің көшбасшысы ғана емес, өз халқының болашағын ойлап, алаңдайтын ұлы тұлға болып табылады. Абай кішкентай кезінен әжесі Зере оқыған аңыз-әңгімелерді тыңдап, ақылды, зерек бала болып өскен. Ол далада балалармен шауып ойнаудың орнына, үйде қалып әжесінің оқыған әңгімелерін оқыған деседі.

Абай, шығармалары өте мағыналы және де әр шығармасында көтерілген мәселелер әлі күнге дейін өзекті болып табылатын дана жазушы. Оның өлеңдеріндегі негізгі мақсат – адами құндылықтар мен ұлттық мінез көрінісін көрсету. Мысалы, „Ғылым таппай мақтанба" атты өлеңінде адамзат баласының ақ, қара қасиеттері көрсетіледі. „Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол" деп нені жаман, нені жақсы екенін үйретеді. Өлеңде қашық болатын бес нәрсе: „Өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ". Ал асық болатын бес нәрсе: „Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым", яғни Абай егер осы бес нәрседен қашық боп, бес нәрсеге асық болсақ біз немен ойлаған мақсатымызға жете аламыз дейді. Сондай-ақ „Сегіз аяқ" өлеңінде де мақал-мәтелге айналған „Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" деген сөздер бар, яғни еңбек етіп, маңдай терін ағызып жұмыс істесең,

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором



қалаған арман-мақсатыңа жете аласың. Себебі, кез келген нәрсе оңай жолмен келе бермейді. Оған еңбек ету керек. Сол кезде ғана жұмысыңыздың тәтті жемісін көресіз.

Қазіргі таңда адамдардың көбі оңай жолмен жұмыс жасап, оңай ақша табуды қалайды. Мысалы, қазір әртүрлі азарт ойындар шығып жатыр. Оларды жарнама ретінде көрсетіп, адамдарды қызықтырады. Адамдар соған қызығып, ақшаларын құр кетіріп алданып қалады. Бірақ, олар осымен тоқтамай, қайта-қайта ойнай береді. Себебі: сәттілікке сенеді. Абай шығармаларында осы жайында көп айтылады. Адал еңбекпен келген табыс әрдайым жақсырақ болады. „Еңбек етсең, емерсің" деген сөзде осыдан.

Абайдың әр шығармасы адами құндылықтар мен ұлттық мінез көрінісіне толы. Абай – ұлт мақтанышы. Оның есімі ел жадында мәңгі сақталады.